



АТЫРАУ  
UNIVERSITY

# Университет

Газет 2000 жылдың  
сәуір айынан шығады

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ  
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№3 (157)  
Маусым, 2026 жыл




**ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ТАЛАПҚЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ!**

**2026 жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында қабылдау комиссиясы жұмыс істейді.**

**Болашағыңа сенімді қадам жасап, сапалы білім мен жарқын мүмкіндіктер әлеміне жол ашқың келсе,**

**Атырау университетін таңда!**

**АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ - МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ!**



ATYRAU.EDU.KZ



MEDIA@ASU.EDU.KZ



ATYRAU\_UNIVERSITY



ATYRAU\_UNIVERSITY

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ – ҒЫЛЫМ МЕН КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде «BOLASHAK» халықаралық бағдарламалар орталығы өкілдерінің қатысуымен халықаралық білім беру бағдарламаларына арналған кездесу өтті. Шара барысында университет оқытушыларына, жас ғалымдарға, магистранттар мен шетелде білім алуға және ғылыми тағылымдамалардан өтуге қызығушылық танытқан түлектерге «Болашақ» халықаралық стипендиясы мен «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасының мүмкіндіктері жан-жақты таныстырылды.

Кездесуді университеттің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ләйлә Қойшығұлова ашып, халықаралық білім беру бағдарламаларының ғылым мен білім саласын дамытудағы маңызына тоқталды. Оның айтуынша, әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарында тәжірибе жинақтау отандық ғылымның дамуына серпін беріп, қазақстандық мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Кездесу барысында «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайсар Еркінбаев бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен қатысушыларға ұсынылатын жаңа мүмкіндіктер туралы баяндады. Ал Еуропа және Азия басқармасының бас менеджері Аида Әнуар бағдарламаға қатысу талаптарын, құжат тапсыру тәртібін, іріктеу кезеңдерін және ғылыми тағылымдамалардан өту шарттарын егжей-тегжейлі



түсіндірді.

Мамандардың айтуынша, ғылыми тағылымдамалардың ұзақтығы 3 айдан 12 айға дейін созылады. Үміткерлерден ғылыми дәрежесінің болуы, еңбек өтілі, шетелдік ұйымнан шақырту хаты және тілдік дайындық деңгейі талап етіледі. Іріктеу бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылады: тестілеу, сараптамалық комиссиямен сұхбаттасу және республикалық комиссияның

қорытынды шешімі. «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қазақстандық ғалымдар мен мамандардың әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында біліктілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында мемлекет оқу, тағылымдамалардан өту, жол жүру, медициналық сақтандыру, визалық рәсімдер



мен оқу материалдарын сатып алу шығындарын өтеп, қатысушыларға ай сайынғы шәкіртақы тағайындайды. 2026 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша 635 грант бөлінсе, оның ішінде магистратураға – 400, докторантураға – 50, тағылымдамаларға – 165 орын қарастырылған. Сонымен қатар «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасы бойынша 250 стипендия бөлінген. Биыл бағдарламаның басым бағыттарының қатарына атом энергетикасы және жасанды интеллект салалары енгізілді. Кездесу барысында

қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, халықаралық білім беру бағдарламалары арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту, академиялық ұтқырлықты кеңейту және әлемдік тәжірибені меңгеру мүмкіндіктерімен танысты. Айта кетейік, «Ғылыми тағылымдамалар» бағдарламасы бойынша құжат қабылдау 2026 жылдың 16 наурызынан 30 қазанына дейін жалғасады. Өтінімдер eGov порталы арқылы және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» арқылы қабылданады.

## ЖАС САЙЛАУШЫЛАР АУДИТОРИЯСЫ АШЫЛДЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде жастардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған маңызды бастама жүзеге асырылып, Жас сайлаушылар аудиториясының ресми ашылу рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға университеттің стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Бақыт Өмірханұлы Алтынбасов, профессор-оқытушылар құрамы, Атырау облыстық және Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері, Жас сайлаушылар клубтарының өкілдері, студенттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Жаңа аудитория университеттің Экономика және құқық факультеті базасында ашылды. Оның басты мақсаты – студент жастардың сайлау заңнамасы туралы білімін кеңейту, құқықтық сауаттылығын арттыру, сайлау мәдениетін қалыптастыру және азаматтық белсенділігін дамыту. Рәсім барысында университеттің стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Бақыт Алтынбасов пен Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әсия Қыстаубаева қызыл лентаны қиып, Жас сайлаушылар аудиториясының жұмысын ресми түрде бастады.

Өз сөзінде Бақыт Өмірханұлы жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруда, белсенді араласуына жағдай жасауда мұндай

олардың қоғамдық-саяси өмірге жобалардың маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, құқықтық сауатты әрі белсенді жастар – елдің демократиялық дамуының маңызды тірегі. Ал Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әсия Қыстаубаева жастардың сайлау үдерістеріне саналы түрде қатысуы қоғамдағы азаматтық жауапкершілік пен демократиялық құндылықтардың дамуына оң әсер ететінін жеткізді.

Іс-шара аясында Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының Жас сайлаушылар клубтарының жұмысын үйлестіруге жауапты мүшесі Жалғас Халелов арнайы ақпараттық таныстырылым өткізді. Презентация барысында қатысушыларға сайлау құқығының негіздері, сайлау үдерісіне қатысу тәртібі, электоралдық мәдениетті қалыптастыру және жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру мәселелері түсіндірілді. Жас сайлаушылар аудиториясының ашылуы жастардың құқықтық білімін тереңдетуге, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға және қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуына бағытталған алғашқы қадамдардың бірі. Жұмысын енді ғана бастаған аудитория студенттердің сайлау мәдениетін қалыптастыруға, құқықтық мемлекет қағидаттарын құрметтеуге және саналы азамат ретінде қалыптасуына өз септігін тигізбек.



## ҰСТАЗ: БЕСІНШІ ТОЛҚЫН ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде «Ұстаз» мектеп-интернатының 2025–2026 оқу жылы түлектеріне арналған аттестат табыстау салтанаты кеші өтті. Білім ордасы оқу жылын 39 оқушы тәмамдады, олардың екеуі «Алтын белгі», төртеуі «Үздік аттестат» иегері.

Салтанатты шараға Атырау облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Атырау облысының Құрметті азаматы Мұрат Өтешов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Атырау облысының Құрметті азаматы Асхат Иманғалиев, университеттің ардагер ұстазы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Атырау облысының Құрметті азаматы Қадыр Жүсіп және университеттің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов, профессор-оқытушылар құрамы, проректорлар, факультет декандары, мектеп-интернатының ұжымы мен ата-аналар қауымы қатысты.

Салтанатты шара барысында сөз сөйлеген ректоры Саламат Нұрмұханұлы «Ұстаз» мектеп-интернатының бес жыл ішінде сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастырған, дарынды жастарды тәрбиелеуде өзіндік орны қалыптасқан білім ордасына айналғанын атап өтті. Басқарма төрағасы өз сөзінде мектептің жетістіктері ұстаздардың қажырлы еңбегі, ата-аналардың сенімі мен қолдауы және шәкірттердің білімге деген құштарлығының нәтижесі екенін айтып, білім жолындағы жетістіктер үшін мектеп ұжымына өз алғысын білдірді. Сонымен қатар білім беру саласына елеулі үлес қосқан ұстаздар марапатталып, түлектерге жалпы орта білім туралы аттестаттар табысталды. Сондай-ақ «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлері арнайы марапатқа ие болды.

Түлектердің өнер көрсетуімен жалғасқан мерекелік кеш өз жалғасын тауып ән мен күйден жасашу тегілі. Осылай ұстаз мектебінің бесінші толқыны алтын ұядан үлкен өмірге қадам басты.

Малика СУЛЕЙМЕНОВА,  
Медиаорталықтың жетекші маманы



## НҰРЖАН - АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ

2026 жылдың 12-14 сәуір күндері Қырғыз Республикасының Бішкек қаласында ересектер арасында белбеу күресінен Азия чемпионаты өтті. «Бишкек-Арена» спорт кешенінде ұйымдастырылған бұл дүбірлі додаға Азияның 12 елінен 200-ден астам спортшы қатысты. Байрақты бәсекеге Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің студенті Сарсенғалиев Нұржан өнер көрсетіп, халықаралық деңгейдегі кезекті жетістігімен қуантты.

Университеттің Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 4-курс студенті Нұржан 70 келі салмақ дәрежесінде белдесіп жүлделі ІІІ орынға ие болды. Азия чемпионаты құрлықтың үздік балуандары бас қосатын беделді жарыстардың бірі. Мұндай деңгейдегі додада жүлдегер атану спортшының жоғары дайындығы аса маңызды, тыңқылықты дайындық пен жеке шеберліктің арқасында Нұржан тағы да жеңіс тұғырынан көрініп отыр.

Айта кету керек, Нұржан бұған дейін де спорттық жетістіктерімен танылып үлгерген. Ол Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткен Универсиададағы қазақ күресінен чемпионы атанған болатын. Бұл жолғы Азия чемпионатындағы жетістігі оның спорттағы тұрақты ізденісі мен кәсіби шеберлігінің тағы бір дәлелі.

Атырау университетінің ұжымы Нұржанды Азия чемпионатындағы жүлделі жетістігімен шын жүректен құттықтайды! Алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ел мерейін асыра беруіне тілектеспіз.

## АЛМАТЫ ТӨРİNДЕГІ АЙБЫНДЫ ЖЕҢІС

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің студенттері республикалық деңгейдегі ірі спорт додасында жарқын нәтижеге қол жеткізді. Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы Студенттік спорт лигасының финалдық кезеңінде университет спортшылары қазақ күресі мен футболдан жеңіс тұғырынан көрінді.

Еліміздің әр өңірінен жиналған үздік командалар бақ сынаған жарыс студенттік спорттың нағыз мерекесіне айналды. Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, шахмат, үстел теннисі, баскетбол, волейбол және футбол бойынша өткен тартысты кездесулерде жастар өз шеберліктерін ортаға салды. Атырау университетінің қазақ күресі құрамасы жоғары деңгейдегі дайындықтың үлгісін көрсетіп, жеке салмақ дәрежелері бойынша жалпы есепте бірінші орынды иеленді. Жиырма үш жоғары оқу орны қатысқан бәсекеде атыраулық балуандар бір алтын, екі күміс және екі қола медаль еншіледі.



Университет қоржынына тағы бір алтын футболдан түсті. Ерлер құрамасы қарсыластарынан басым түсіп, чемпион атанды.

Студенттік спорт лигасының ашылу рәсімінде Атырау университетінің өкілдері де ерекше құрметке ие болды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен университеттің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ләйлі Ерболатқызы, Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі Алпысбай Сейткалиұлы және аға оқытушы Рафаэль Ралитұлы марапатталды. Сондай-ақ университеттіміздің 4-курс студенті, қазақ күресінен Универсиада жеңімпазы Хамит Қожа-Ахметке Студенттік спорт лигасының туын көтеру мәртебесі берілді.

Алматы төрінде қол жеткізілген бұл жетістіктер университеттің спорт саласындағы жүйелі жұмысының нәтижесін айқын көрсетті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің табысы бүкіл университет ұжымының ортақ мақтаншы. Атырау университетінің студенттері алдағы уақытта да білім мен ғылымда ғана емес, спорт ареналарында да жаңа белестерді бағындыратынына сенім мол.



## «ENU BARYSY» турнирінде Атырау университеті жеңімпаз атанды

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің қазақ күресі командасы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған жоғары оқу орындары студенттері арасындағы «ENU BARYSY» республикалық турнирінде жеңімпаз атанды.

Қазақ күресі халқымыздың ұлттық рухын, қайсар мінезін және батырлық болмысын айшықтайтын асыл мұра. Осындай ұлттық спорт түрін дамыту мен насихаттауда жастардың белсенділігі ерекше маңызға ие. Атырау университетінің спортшылары бұл жолы да намыс биігінен көрініп, ұлттық спорттың мәртебесін асқақтатты. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген мықты балуандар бақ сынаған дүбірлі додада Атырау университетінің спортшылары жоғары шеберлік пен табандылық танытып, командалық есепте топ жарып, оқу орнының мерейін үстем етті.

Жеңімпаз команданы айтулы жетістігімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектеспіз.

## СТУДЕНТТІК ЛИГАДА АРУЛАР ҮЗДІК АТАНДЫ



Атырау университетінің қыздар футбол командасы жоғары оқу орындары арасында өткен «Студенттер спорт лигасында» үздік ойын өрнегін көрсетіп, жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Еліміздің төрт өңірінен іріктеліп келген үздік жоғары оқу орындарының командалары қатысқан жарыста атыраулық спортшы қыздар жоғары шеберлік пен командалық үйлесімділіктің үлгісін танытты. Тартысқа толы кездесулер барысында университет намысын абыроймен қорғап, жеңіске деген жігері мен қайсар мінезінің арқасында үздіктер қатарынан көрінді.

Бұл жетістік спортшылардың тынымсыз дайындығы мен қажырлы еңбегінің, сондай-ақ жаттықтырушылардың кәсіби шеберлігінің нәтижесі. Жарыс барысында команда мүшелері өздерінің жоғары спорттық деңгейін дәлелдеп, университет абы-

ройын республикалық деңгейде асқақтатты. Студенттік спортты дамыту жастарды салауатты өмір салтына баулудың, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың және университеттің спорттық әлеуетін арттырудың маңызды бағыты. Осы тұрғыда қыздар футбол командасының жетістігі жастарға үлгі болып, университеттің спорт саласындағы табыстарының қатарын толықтырды.

Атырау университетінің ұжымы команда мүшелері мен жаттықтырушыларын айтулы жетістіктерімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да жаңа жеңістер мен толағай табыстар тілейді.

# ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ

## Құрметті Әскери кафедраның оқытушылары, қызметкерлері, түлектері мен студенттері!

Сіздерді Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Әскери кафедрасының құрылғанына 10 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы жылдар ішінде Әскери кафедра өңірдегі әскери білім беру мен әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды орталығына айналып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін білікті әскери резерв даярлау ісіне елеулі үлес қосып келеді. Кафедра қабырғасында жүздеген жас әскери даярлықтан өтіп, ел қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған жауапты қызметке жолдама алды. Бұл – кафедра ұжымының кәсіби біліктілігі мен тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, Әскери кафедра ұжымына зор денсаулық, толағай табыс, шығармашылық серпін және Қазақстанның игілігі жолындағы қызметтеріне жаңа жетістіктер тілеймін!

Құрметпен,

Саламат Нұрмұханұлы Идрисов  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің  
Басқарма төрағасы – ректоры



Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Әскери кафедрасының құрылғанына биыл 10 жыл толды. Әскери кафедра бүгінде өңірдегі әскери білім мен әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды орталықтарының біріне айналды. Осы уақыт ішінде кафедра Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін білікті әскери резерв даярлау ісіне елеулі үлес қосып келеді. Әскери кафедра ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №344 қаулысы негізінде құрылды. Әскери кафедраның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының запастағы офицерлері мен сержанттарын даярлау.

Запастағы офицерлер мен сержанттар бағдарламалары бойынша әскери даярлық Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервін даярлау және бейбіт уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтау мақсатында жоғары оқу орындарының студенттерін әскери кафедраларда оқыту бағытында азаматтарды әскери даярлауды қамтиды. Әскери кафедрада студенттерді әскери даярлау келесідей әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылды: «Корабльдегі радиотехникалық құралдарын пайдалану және жөндеу», «Идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру», «Әскерлер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану», «Барлауды ұйымдастыру», «Арнайы үгіт-насихатты ұйымдастыру», «Дене шынықтыру дайындығы мен спортты ұйымдастыру», «Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру», қазіргі уақытта «Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Әскерлер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану», «Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру», «Бөлімше, есептоп, танк, жауынгерлік машина, қондырғы командирі атқыш» әскери-есептік мамандықтары бойынша даярлық бағдарламалары жүргізілуде.



### ӘСКЕРИ КАФЕДРАНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ФУТБОЛ ТУРНИРИ ӨТТІ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Әскери кафедрасының құрылғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шаралар аясында «Жайық» спорт кешенінде футболдан турнир өтті.

Спорттық шараның басты мақсаты әскери-патриоттық тәрбиені насихаттау, жастарды салауатты өмір салтына баулу, сондай-ақ әртүрлі мекемелер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту. Турнирге 4133 әскери бөлімі, 5546 әскери бөлімі, «Сармат» мамандандырылған әскери мектеп-лицейі, Қорғаныс істері жөніндегі департамент, Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы және Әскери кафедра командалары қатысты.

Ильясқа берілді. «Үздік ойыншы» номинациясын Физика және техникалық пәндер кафедрасының магистрі, оқытушысы Манас Бауыржанұлы иеленсе, «Үздік қорғаушы» аталымы Әскери кафедра курсанты Нәсіпқалиев Алиханға табысталды. Мерейтойлық турнир қатысушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, әскери құрылымдар мен білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді.

### «ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ»

Мерейтой аясында «Әскери және педагогикалық зерттеу әдістемесі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік семинар өтті әскери білім беру мен патриоттық тәрбиенің өзекті мәселелері талқыланып семинар қатысушылары өз ойларын ортаға салды.

Іс-шараның ашылу салтанатында университеттің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректоры Ләйлә Қойшығұлова құттықтау сөз сөйлеп, әскери кафедраның он жыл ішінде жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу жолында атқарған жұмыстарына тоқталды. Ол әскери кафедраның студенттердің азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудағы, әскери дайындық сапасын арттырудағы және ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болашақ мамандарды тәрбиелеудегі маңызын ерекше атап өтті. Семинар барысында әскери-патриоттық тәрбие мен алғашқы әскери дайындық жүйесін жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Әскери кафедра бастығы, запастағы полковник Руслан Наурызбеков «Бастапқы әскери дайындық сабақтарының сапасы мен тиімділігін арттыру» тақырыбында баяндама жасап, қазіргі білім беру жағдайында әскери пәндерді оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңғырту қажеттігін айтты. Сонымен қатар, жастардың әскери дайындыққа қызығушылығын арттыру жолдарына тоқталды. Жастар тәрбиесіндегі заманауи көзқарастар мен тәжірибелер туралы «Сармат» мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының магистрі Ләйлі Мақсотова баяндама жасады. Ол патриоттық тәрбиені қалыптастыруда білім беру ұйымдарының рөліне тоқталып, жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің тиімді тетіктерін ұсынды. Педагогика ғылымдарының магистрі Эдуард



Соның ішінде «Атқыштар» әскери-есептік мамандығы бойынша запастағы сержанттарды 2021 жылдан бастап даярлау басталды. Әскери кафедра құрылғаннан бері 615 түлекке «Запастағы лейтенант», ал 201 түлекке «Запастағы кіші сержант» әскери атағы берілді. Қазіргі таңда мұнда 258 студент әскери даярлықтан өтуде. Университет тынысын айқындап, мемлекет қауіпсіздігіне жауапты жастарды тәрбиелеп, еліміздің бір тұтастығын қамтамасыз ету жолында қызмет атқарып жүрген әскери кафедраның 10 жылдығы университет қабырғасында кеңінен аталып өтті.

Қатысушылар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жанкүйерлерге тартысты ойын сыйлады. Жарыс барысында командалар жеңіске деген жігерін танытып, шеберліктерін ортаға салды. Нәтижесінде турнир қорытындысы бойынша Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы үздік нәтиже көрсетіп, I орынға ие болды. Екінші орынды 5546 әскери бөлімінің командасы иеленсе, Қорғаныс істері жөніндегі департамент командасы үздік үштікті түйіндеп III орыннан көрінді. Турнир аясында ерекше ойын өрнегін көрсеткен қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталды. «Үздік қақпашы» атағы Әскери кафедра курсанты Қабдол

# - 10 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС



Төлегенұлы алғашқы әскери-технологиялық дайындық сабақтарында қолданылатын белсенді және тиімді оқыту әдістерімен бөлісті. Баяндамашы білім алушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдердің тәжірибедегі тиімділігін мысалдар арқылы көрсетті.

Семинар жұмысына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты департамент өкілдері де қатысты. Департамент бастығының орынбасары, майор Жасұлан Асылбекұлы жастарды әскери қызметке даярлау және әскери-патриоттық тәрбиелеу ісіндегі жергілікті атқарушы органдардың рөліне тоқталды. Оның айтуынша, жастардың әскери қызметке деген жауапкершілікті көзқарасын қалыптастыру – мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бірі. Соңдай-ақ әскери кафедраның сенior-лекторы, запастағы подполковник Ренат Еслямов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің оң имиджін қалыптастыру мәселесін көтерді. Ол армияның беделін арттыру, әскери қызметтің маңызын түсіндіру және қоғамдағы патриоттық құндылықтарды нығайту мемлекет қауіпсіздігі мен тұрақтылығының маңызды факторлары екенін атап өтті. Семинар барысында қатысушылар әскери-патриоттық тәрбие беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасты. Әскери білім беруді жетілдіру, жастардың отансүйгіштік қасиеттерін дамыту, заманауи педагогикалық әдістерді енгізу және әскери қызметтің беделін арттыру бағытындағы ұсыныстар ортаға салынды. Он жылдық тарихы бар Әскери кафедра бүгінде әскери білім мен патриоттық тәрбиені ұштастыра отырып, ел болашағына жауапты, білімді әрі отаншыл жастарды тәрбиелеуге елеулі үлес қосып келеді. Мерейтой аясында өткен ғылыми-тәжірибелік семинар осы бағыттағы жұмыстардың маңызын айқындап қана қоймай, әскери-патриоттық тәрбиені дамытуға арналған жаңа бастамалар мен идеялардың қалыптасуына негіз болды.

### ӘСКЕРИ БІЛІМ МЕН ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ОН ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ

Әскери кафедраның құрылғанына 10 жыл толуына арналған салтанатты мерекелік шара өтті. Мерейтойлық жиынға университет басшылығы, әскери құрылымдардың өкілдері, ардагерлер, профессорлық-оқытушылық құрам, түлектер мен студенттер қатысты. Жиынды ашқан университеттің Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов әскери кафедраның өңірдегі әскери білім мен әскери-патриоттық тәрбиені дамытудағы ерекше рөліне тоқталды.

- «Бүгін біз Халел Досмұхамедұлы атындағы

Атырау университеті тарихындағы маңызды белестің бірі – Әскери кафедраның құрылғанына 10 жыл толуына арналған салтанатты шарада бас қосып отырмыз. Әскери кафедра 2016 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес құрылып, осы уақыт аралығында өңірдегі әскери білім мен әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды орталығына айналды. Он жыл ішінде кафедра өз миссиясын абыроймен атқарып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін сапалы әскери резерв даярлау ісіне елеулі үлес қосты. Әскери кафедраның 10 жылдық тарихы – баршамыздың ортақ еңбегіміздің нәтижесі. Алдағы уақытта да әскери кафедра ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс саласына қызмет ететін білікті офицерлер мен сержанттарды даярлап, жастардың патриоттық тәрбиесін нығайту жолындағы жұмыстарын жалғастыра беретініне сенімдімін», – деді ректор.

Мерекелік шара барысында әскери кафедраның құрылу тарихы мен бүгінгі жетістіктері таныстырылып, арнайы бейнеролик көрсетілді. Сонымен қатар Атырау облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің, әскери ардагерлер ұйымдарының және «Сармат» мамандандырылған әскери мектебінің өкілдері құттықтау сөз сөйлеп, игі тілектерін жеткізді. Салтанатты жиында әскери кафедраның қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан оқытушылар мен қызметкерлер марапатталды. Әскери кафедра ұжымына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің, облыс әкімінің, қала әкімінің, Атырау облысы Білім беру басқармасының және Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Басқарма төрағасы – ректорының Алғыс хаттары табысталды. Мерейтой аясында әскери кафедраның алғашқы түлектеріне құрмет көрсетіліп, олардың студенттік жылдары мен әскери даярлық кезеңдерін қамтитын бейнематериал ұсынылды. Кафедраның қалыптасу кезеңінде білім алған алғашқы түлектер Алғыс хаттармен марапатталып, өздерінің құттықтау лебіздерін білдірді. Шара барысында әскери оркестрдің орындауындағы музыкалық шығармалар, әскери кафедра студенттерінің өнер көрсетулері мен дефиле бағдарламасы көпшілік назарына ұсынылды. Он жылдық тарихында Әскери кафедра университеттің маңызды құрылымдарының біріне айналып, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс саласына қажетті білікті әскери резерв даярлау ісіне елеулі үлес қосты. Бүгінде кафедраның қалыптасқан тәжірибесі мен жетістіктері оның болашақта да әскери-патриоттық тәрбие мен әскери білім беру бағытындағы жұмысын табысты жалғастыратынына негіз болмақ.



## АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЕКІ ДОКТОРАНТУРА БАҒДАРЛАМАСЫ АШЫЛДЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті үшін тағы бір ақжолтай жаңалық тіркелді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті айқындау мақсатында 2026 жылғы 8–9 маусым күндері университетте рұқсаттық бақылау жүргізілді. Комиссия жұмысының қорытындысы бойынша университетке докторантура деңгейінде білім алушыларды даярлау үшін екі жаңа білім беру бағдарламасы бойынша лицензия берілді. Атап айтқанда, 8D041 – «Бизнес және басқару» даярлау бағыты бойынша 8D04101 – «Экономика», сондай-ақ 8D015 – «Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау» бағыты бойынша 8D01501 – «Математикалық білім беру» білім беру бағдарламаларына докторанттарды қабылдауға мүмкіндік беретін лицензиялар рәсімделді. Бұл жетістік университеттің ғылыми-білім беру

қызметін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам болып саналады. Докторантура бағдарламаларының ашылуы ғылыми кадрларды даярлау жүйесін нығайтып қана қоймай, өңірдегі жоғары білім мен ғылымның дамуына тың серпін береді. Жаңа лицензиялардың берілуі университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, зерттеу жұмыстарын жандандыруға және ғылыммен айналысатын жас буын өкілдерін даярлауға кең мүмкіндік ашады. Сонымен қатар бұл бастама университеттің ғылыми-білім беру кеңістігін кеңейтіп, ғылыми мектептердің қалыптасуына және жаңа зерттеу бағыттарының дамуына оң әсерін тигізбек. Аталған нәтижеге қол жеткізу жолында университеттің профессор-оқытушылар құрамы, құрылымдық бөлім басшылары мен жауапты қызметкерлері жүйелі әрі ауқымды жұмыс атқарды. Бұл – ұжымдық еңбектің, кәсіби жауапкершіліктің және ортақ мақсатқа жұмылған күш-жігердің нақты жемісі.



## МҰХАММЕД ПӘНДІК ОЛИМПИАДАДА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің студенті республикалық деңгейдегі білім бәйгесінде жоғары нәтиже көрсетіп, оқу орнының абыройын асқақтатты.

Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің Музыка және өнер кафедрасы «Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Рзахан Мұхаммед XVIII Республикалық пәндік олимпиадада жүлделі III орынға ие болды. Республикалық пәндік олимпиада еліміздің жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби білімі мен шығармашылық қабілетін саралайтын беделді білім сайыстарының бірі. Олимпиада барысында қатысушылар теориялық дайындығын, орындаушылық шеберлігін және кәсіби құзыреттілігін көрсетіп, өзара бақынады. Студенттің ғылыми жетекшісі, Музыка және өнер кафедрасының аға оқытушысы Күміс Жаңабайқызы білім алушының олимпиадаға жан-жақты дайындалуына жетекшілік жасап, кәсіби тұрғыдан қолдау көрсетті. Атырау университеті білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың кәсіби шеберлігін шыңдауға және түрлі деңгейдегі байқаулар мен олимпиадаларға қатысуына мүмкіндік жасап, талантты студенттерді үнемі қолдап келеді. Рзахан Мұхаммед пен оның жетекшісі Күміс Жаңабайқызын жарқын жетістіктерімен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да жаңа белестерді бағындырып, шығармашылық табыстарыңыз арта берсін!

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАДАН ТАҒЫ БІР ЖҮЛДЕ

Атырау университетінің студенттері тағы бір мәрте өздерінің білімдері мен шығармашылық шеберліктерін дәлелдеп, республикалық деңгейдегі беделді білім додасында жүлделі орынға ие болды. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының студенттері «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобы бойынша өткен XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиадада жоғары нәтиже көрсетіп, III орынға ие болды.

Аталған олимпиада Алматы қаласы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында өтті. Білім мен шығармашылықты ұштастырған байқауға еліміздің жоғары оқу орындарынан келген үздік студенттер қатысып, өзара бақ сынады. Университет намысын «Көркем білім» білім беру бағдарламасының студенттері Пал Алена, Сәлімжан Іңкәр, Русакова Анастасия, Қинет Мәлдір қорғады. Білімді студенттеріміздің ғылыми жетекшісі PhD, қауымдастырылған профессор Ғаділбек Әлжанов. Олимпиада төрт кезең бойынша ұйымдастырылды. Қатысушылар «Көркем білім берудегі заманауи әдістер мен технологиялар» тақырыбындағы үй тапсырмасын қорғап, сурет салу, сызу және композиция бойынша практикалық тапсырмаларды орындады. Байқауға еліміздің 11 жоғары оқу орнынан 17 команда, жалпы 34 студент қатысып,



өздерінің кәсіби дайындығы мен шығармашылық қабілеттерін ортаға салды.

Жүлдегер студенттеріміз бен олардың ғылыми жетекшісі Ғаділбек Мұратұлы Әлжановты шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да жаңа жетістіктер мен биік белестерді бағындыра берулеріне тілектеспіз!

## «KMG DIGITAL – 2026»: СТУДЕНТТЕР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің студенттері жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бағытындағы байқауда жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды.

Байқау барысында университет студенттерінен құралған команда ғылыми жетекші, Физика, математика және қолданбалы технологиялар ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Математика және компьютерлік ғылымдар білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты Асылбек Ғизатовтың жетекшілігімен I орынды жеңіп алды. Жеңімпаздар құрамында Жақсылық Бектас – «Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Амангелді Ғалымжан – «Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Өміртай Азамат – «Жүйелер мен желілерді әкімшілендіру» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Файзуллаев Миржан – «Дизайндағы қолданбалы информатика» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті. Команда мүшелері өздерінің кәсіби дайындығы мен шығармашылық әлеуетін көрсетіп, заманауи технологиялық міндеттерді шешуде жоғары деңгейдегі білім мен дағдыға ие екендіктерін дәлелдеді.

Айта кету керек, аталған команда бұған дейін Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласында өткен халықаралық AI-Hackathon байқауында университет намысын қорғап, халықаралық деңгейдегі технологиялық тапсырмаларды орындау бойынша құнды тәжірибе жинақтаған болатын. Бұл тәжірибе студенттердің жаңа жетістіктерге жетуіне және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға зор ықпал етті. Сонымен қатар байқауда II орынды «Бағдарламалық инженерия» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты Избасар Орынбасар мен Физика, математика және қолданбалы технологиялар ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Математика және компьютерлік ғылымдар білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты Асылбек Ғизатовтан құралған команда иеленді.





## АРМАНҒА БАСТАР ЖОЛ: Атырау университеті талапкерлерді қабылдайды!

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті 2026–2027 оқу жылына талапкерлерден құжат қабылдау науқанын бастайды. Құжаттар 20 маусым мен 25 тамыз аралығында қабылданады.

Университет бүгінде еліміздің батыс өңіріндегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде сапалы білім беріп, бәсекеге қабілетті мамандар даярлап келеді. Биыл да талапкерлер үшін білім алу мен кәсіби дамуға кең мүмкіндіктер ұсынылады. Бакалавриатқа түсушілер үшін белгіленген шектік баллдар төмендегідей: педагогикалық мамандықтарға – **75 балл**, «Құқық» даярлау бағыты бойынша – **75 балл**, «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасына – **90 балл**, ал педагогикалық емес мамандықтарға – **50 балл**. Ал, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға түсетін талапкерлер арнайы емтихан тапсырады. (фото)

Мемлекеттік грант конкурсына қатысу үшін арнайы емтиханды **13 шілдеге дейін**, ал ақылы бөлімге түсу үшін **20 тамызға дейін тапсыру қажет**. Мемлекеттік

білім беру гранты конкурсына өтінім қабылдау **13–20 шілде аралығында жүргізіледі**. Шығармашылық мамандықтарға түсушілер үшін де арнайы емтихандар қарастырылған. Грант негізінде оқуға түсетін талапкерлер құжаттарын **20 маусым мен 6 шілде аралығында тапсырып, 7–13 шілде күндері шығармашылық емтиханнан өтеді**. Ақылы негізде оқуға түсушілер үшін құжат қабылдау **10 тамызға дейін жалғасып, шығармашылық емтихандар 10–15 тамыз аралығында өткізіледі**. (фото)

Университет шығармашылық бағыттағы бірқатар білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайды. Олардың қатарында алғашқы әскери дайындық мұғалімі, көркем білім, музыкалық білім, дене шынықтыру және спорт, халық әні, халық аспаптары, дизайн, концерттік-камералық орындаушылық, дінтану, журналистика және ақпарат бағыттары бар. Сондай-ақ мерзімді әскери қызметін аяқтаған азаматтарға да ерекше мүмкіндік қарастырылған. Олар ҰБТ нәтижелерінсіз, әңгімелесу қорытындысы

бойынша әскери қызметтен кейінгі екі жыл ішінде ақылы негізде жоғары оқу орнына қабылдана алады. Магистратура деңгейінде университет 41 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. Магистратураға түсушілер **1 маусым мен 8 шілде аралығында Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайты арқылы кешенді тестілеуге өтінім бере алады**. Тестілеу **20 шілде мен 10 тамыз аралығында өтеді**, ал білім беру гранттарының конкурсы **12–15 тамыз күндеріне жоспарланған**. (фото)

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеу шет тілі, оқу сауаттылығы және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттерден тұрады. **Максималды балл – 150, шектік балл – 75**. Бейінді магистратураға түсушілер екі бейіндік пән бойынша тест тапсырады, **мұнда шектік балл – 30**.

Атырау университеті талапкерлерді жаңа мүмкіндіктерге, сапалы білімге және жарқын болашаққа шақырады. Өз таңдауыңды бүгін жасап, арманыңа сенімді қадам бас!

## Атырау университетімен арманыңа жет!

### ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

#### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға түсуші тұлғалар шығармашылық емтихан тапсыру үшін Университеттің қабылдау комиссиясына төмендегі құжаттарды ұсынады:

1. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (түпнұсқа)
2. 3x4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет
3. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
4. 075/У нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суреті
5. ҰБТ сертификаты егер бар болса
6. «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтардың және спорттық атақтардың бірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі бар болса.

#### ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНА ТАПСЫРУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР (АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ)

1. техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (дипломның түпнұсқасы)
2. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
3. 3x4 сантиметр көлеміндегі 4 фотосурет
4. 075/У нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суреті
5. ҰБТ сертификаты болған жағдайда
6. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы азаматтар басым құқық берілгенін растайтын құжаттар мен квотаны қосымша тапсырады (бар болса).

#### ШТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТ

1. Университет ректорының атына жазылған өтініш (қабылдау комиссиясында толтырылады)
2. жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім туралы құжат (төлнұсқасы, нотариалды заңдастырылған көшірмесі, нострификациядан өткендігі туралы куәлігі немесе ХҚКО-ның берілген қолхаты)
3. жеке басын куәландыратын құжат (нотариалды заңдастырылған паспорт көшірмесі)
4. 3x4 сантиметрлік 4 фотосурет
5. 075-У нысанындағы медициналық анықтама (флюорография суреті бар).

### КОЛЛЕДЖДЕН КЕЙІН ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМІ БАР ТҰЛҒАЛАР ҮШІН

1. жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім туралы құжат (түпнұсқа және көшірме)
2. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
3. өлшемі 3x4 сантиметр болатын 1 фотосурет
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы N175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суреті
5. ҰБТ сертификаты
6. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша түсушілер үшін анықтама.

7. I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе қамқорлығынсыз қалған жастар қосымша басым құқық пен квота берілгенін растайтын құжаттарды тапсырады.

#### ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРГЕН АЗАМАТТАР ҮШІН

1. Университет ректорының атына өтініш
2. білімі туралы құжат түпнұсқа
3. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі
4. өлшемі 3x4 сантиметр болатын 6 фотосурет
5. 075/У нысаны бойынша медициналық анықтама, флюорография суреті
6. әскери билет көшірмесі
7. мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама ХҚКО-дан немесе eGov ақпараттық жүйесі арқылы алынған

#### БІЛІМ БЕРУ ГРАНТҒЫН БЕРУЕ АРНАЛҒАН КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН

1. белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш
2. білімі туралы құжат төлнұсқа
3. ҰБТ сертификаты
4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы N ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/У нысаны бойынша медициналық анықтама
5. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

#### ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранты конкурсына қатысу үшін 2026 жылғы 15 шілдеге дейін арнайы емтихан тапсыруы қажет. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар ЖОО-ға ақылы негізде қабылдану үшін 2026 жылғы 24 тамызға дейін арнайы емтихан тапсыруы қажет.

# КІТАПҚА ҚҰМАРТУ – ҒАНИБЕТ ІС

Қазақстан қоғамында кітап оқу мәдениетін дамытуға – ұмтылыс басталды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Құрылтайда: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу» екенін атап айтып, кейіннен 23 сәуірді – «Ұлттық кітап күні» деп бекітті. Атырау университеті Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, жастар арасында кітап оқу дағдысын қалыптастыруды ұдайы насихаттап келеді. Жақында Мемлекет басшысы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойып зиялы қауымты қуантты.

Кітап оқу мәдениеті – насхатпен қалыптасатын құбылыс. Бізде көпшіліктің дүбіріне ілесіп, кітап оқуға біржолата бетбұрдық. Былтыр күзден бастап, осы маусымға дейінгі аралықта 10 кітап оқып тауыстым. Әр кітаптың санама қалай терең ой салғанын, көкірек көзімді ашып толғандырғанын оқырманмен бөлісуді жөн көрдім.

Алғашқы оқығаным – «Қасым» басып жинақтап шығарған классик жазушы Мұхтар Мағауиннің әйдік әңгімелерін топтаған үш жүз беттен асатын «Әйел махаббаты» атты кітап. Қаламгердің қазақ әдебиетіндегі даңқын естісекте оқығанымыз – осы.

Бұл кітаптағы әңгімелер әуелі тартымды, жинақы, баяндауы өзгеше жаттық тіл байлығымен ұнай кетті. Жазушының шығармаларынан студенттік шаққа дейін күнделікті қолданыста кездестірген, көнермеген, бірақ, сөйлем арасында мағынасын ұғынып алатын көп сөзді кезіктірдім. Тұрмыстық зат атауларынан бастап, мінез-құлық, көңіл-күй, адам бітімі, сұлулық суреттеріндегі теңеулер қандай келісті? Қазақтың құнарлы тіліндегі қазынаны тауысардай құныға оқисың. Бұрын мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі оқығандарымыз аз ба, әлде соншама көп сөздік қорды қамти алмады ма, әлде санадан өшіп кеткен бе? Білмеймін. Бірақ, қайтара қауышқанымға қауандым.

Жазушының кітап атауын алған «Әйел махаббаты» әңгімесі – махаббаттан жолы болмаған, әйелді ерден төмен санайтын мешеу көзқарастағы қоғамдық сананың нәзік жаңбылдардың тағдырын қалай тамұққа салғанын шебер суреттейді. Әңгіме бас кейіпкер Зияның шарасыздықтан тап болған тауқыметті тағдырын баяндаған. Сол арқылы әйел махаббатының ұлылығын, әйел затының жаратылысындағы қасиетін тұтас ұлт пен қоғам қастерлеуі керек деген идеяны қозғайды. Әңгімедегі ахуал – бүгінгі қоғамда да өзекті мәселеге айналған, санадағы өзгерісті қажет ететін керітартпа түсініктерді шұғыл түзеу қажеттігін айтады.

Бұл кітапқа жазушының 11 әңгімесі топтасқан. Ондағы барлық кейіпкердің тағдыры, қайсарлығы, өжеттігі, жан сұлулығы, қазақтың дүниетанымындағы әйел ұғымын ұлықтайды. Оқыңыз, өкінбейсіз.

Оқыған екінші кітабым – ұлтымыздың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы. Сенсеңіз, романды үш рет қайталап оқыдым. Бұл шығармадағы Ұлпан бейнесі өзіне тәнті етті. Жазушы суреттеген сұлулық – сыртқы келбет пен ішкі рухтың сұлулығы. Осы шығарманы бірнеше рет қайталап оқығаннан айналамыздағы сұлулықты көрмей жүргенімді түсіндім. «Ұлпан» әйел намысының, әйел парасатының, әйел жүрегінің ұлылығын ашып көрсетеді. Қазақ қызының тағдыры, тұтас елдің тағдыры екенін ұғындым. Шығарма өз заманында өзгеше түсте, әйел теңдігін жоқтаған советтік еңбек ретінде танылған шығар. Ал бүгінгі буын оған өзгеше баға беруі керек деп ойлаймын.

Романның оңбойы толған этнография. Онда XIX ғасырдағы қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, таным түсінігі, парасатты жандардың көкжиегі сондай әдемі суреттелген. Кино көргендей рахаттана, романның желісіне еніп кетесің. Жүзге тарта адам аттары, олардың тұртұлғасы, бөгенайы бейнелген, жер-су аттары жазылған қазыналы еңбек екен. Қазақ әдебиетіндегі Ғабит Мүсіреповтың қадір-қасиетін, қалам қуатын естеліктен естеген көрі бір шығармасын болса да оқығаныңыз – ғанибет.

Үшінші оқығаным классик жазушы, драматург Дулат Исабековтің «Гауһартас» повесті. Бұл шығарма

бүгінгі қоғамның дертін суреттегендей сезілді. Әрине, жазылғанына көп уақыт болса да еңбектің мазмұны, айтар ойы ғасырға жүк болғандай. Біз шығармадан адамның ішкі жандүниесіндегі тазалықты, ізгілікті, жақсылықты, құдіретті байқауды үйренеміз, түсінеміз. Қарапайым адамдарды сырт келбетіне, қызметіне, мансабына, әлеуметтік жағдайына қарап мінзе-құлқы, жан дүниесі де жұтаң немесе бай деп топшылауға асығамыз. Туынды құдды психологиялық талдаулар, суреттеулер сияқты жандүниені тануға, ішкі әлемдегі ахуалдың өзгеше екендігін, адамды бағалау, тану күрделі күй екенін ұғындырды. Ал осы жақсылық пен ішкі рухани қасиет – адамға тәрбие арқылы берілетінін шығарма әдемі суреттейді.

Төртінші оқыған кітабым Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесті болды. Бұл шығарманы бір мезгіл кітап күйінде оқып, екінші рет пойызда келе жатып аудио нұсқасында тыңдадым. Жолаушыға аудио кітапты тыңдау жолсерік, уақыт оздырар ермек қана емес, шығарманы жаңа қырынан танытуға да мүмкіндік береді екен. Отарбаның терезесінен батар күнді тамашалап, қазақ даласының шетсіз-шексіз алабына көз қыдыртып, шытырман оқиғаларымен үндесіре қарап отырсың. Бас кейіпкер Аяның ауыр тағдыры, қайсарлығы мен арманы жүрекке ерекше әсер етеді. Бұл шығарма туған жердің қадірін, сағыныштың құдіретін, қарапайым адамдардың мейірім-шапағатының ұлылығын сезіндіреді. Жусан иісі – туған даланың, ұлттық жадымыздың символы екен.

Осы оқығандарымыздың қатарындағы күрделі әрі ұлттық мүддені оқиға желісіне жасырғаны – Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы деп білдім. Бұл туындыны оқи отырып, бір адамның тағдыры арқылы тұтас ұлттың тағдырын көрдік. Жазушы Патшалық империяның отаршылдық саясатын, өктем феодалдық езгінің халықтар өміріне тигізген зиянын, бас кейіпкері Шақанның тағдыры арқылы көрсетеді. Шығарманың ең әсерлі тұсы – табиғат пен адам арасындағы байланыс, тайталас пен өшпенділіктің арпалысы. Шығармадағы Шерінің бұзальы тағдыры табиғат заңдылығының ызылып, табиғи өмір салтының тоқырауға ұшырауына отаршылдық саясаттың кері әсері қалай тигенін сездіреді. Бүгінде жаһан жұртын алаңдатқан экологиялық мәселелердің бастауы – XIX ғасырдағы империялық саясаттың озбырлығынан, көшпенді халықтардың билік жүйесін жойып, күштеп отарау ісінен туындағандығын аңғартады. Шақанның күресі – шарасыз әкенің отбасын, отанын қорғаудағы соңғы арпалыс, ақырғы жеңіссіз шайқас еді. Шығарма табиғаттың күйреуі – адамзаттың рухани күйреуінен басталады деген ұғымды айтады.

Жанры әртүрлі шығармаларды оқу – психологиялық тұрғыдан санадағы күйзеліс пен күйіншіт, сүйініш пен тебіреністі қатар ұстауға қолайлы болмақ. Тағдыры ауыр кейіпкерлердің оқиғасынан кейін Илияс Есенберлиннің «Ғашықтар» романын оқыдық. Бұл шығарма адамның жар таңдауын тағдыр жазмышы ретінде қарап, аса үлкен жауапкершілікпен адаспай таңдау жасауда білімпаздық пен көргендік қажет екенін жақсы сипаттап көрсетеді. Романдағы кейіпкерлер тағдыры адам өміріндегі шешімдердің маңызын түсінуге жетелейді. Махаббат – зор жауапкершілік.

Соңғы жылдары қазақ оқырмандарын таңғалдырып, таңдандырып жүрген кітаптар – «Отбасы хрестоматиясы» басып шығарған еңбектер. Бұл баспаның кітаптары жаппай сатылып, қоғамдық орта жылы қабылады. Біз ұлттың қызмет еткен қайраткерлер жайлы тек қана энциклопедиялық деңгейдегі деректерді



ғана біледі екенбіз. Мәселен, «Бейсен және болмыс», «Қаныш және ғылыми майдан», «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Бейсенбай және әдеби майдан» атты еңбектерден олардың есімі мен тығыз байланысты көпшілікке беймәлім ерліктеріне қанықтық. Қанығып қана қоймай – рухтанып, арқаланыпта кеттік. Олардың ізін жалғайтын азаматтар келешекте озық ойлы оқырман арасынанан шығатынына кәміл сенемін.

Бұл еңбектердің ерекшелігі – ұлтқа қызмет етудің нақты үлгілерін көрсетеді. Бүгінгі қоғам жалған ұран мен саяси манипуляцияның ықпалында отаншылдық пен ұлтқа қызмет етудің ісін, жолын таба алмай дағдарған жандарға толы. Ал осындай сәтте санаға сілкініс салатын еңбектердің қатарында – «Қаныш және ғылыми майдан» көш бастап тұр. Онда академик ғалым Қаныш Имантайұлының отандық ғылымды дамытудағы өршіл рухы мен өлшеусіз еңбегі оқырман жүрегіне жететіндей, санасына сіңетіндей әдемі баяндалған.

Ал, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің мәдени мұраны сақтаудағы ерен еңбегі – көп айтылмай, тасада қалып қойғанына кітапты оқығанда көзжеткіздік.

Біз Кеңес өкіметінің ұлттық руханият пен тарихты бұрмалағанын, ұлт зиялыларын қудалап, идеяларын жаныштап, Алаш арыстарын саяси репрессияға ұшыратқанын жақсы білеміз. Соңдай алмағайып, күрделі кезеңде ұлттың тілін, ділін, дәстүрін, тарихын сақтауға қызмет қылған, коммунистік идеологияның заманында жол тапқан қайраткерлерді білмейтін едік. Білмегенде де, ең ұлы тұлғаларының бірі, тұтас ұлттық әдебиетті зерттеген, Кеңес заманындағы қазақ әдебиетінің классикалық шығармаларын жазған соңғы буын, жазушылар шоғырын әдеби майданның жауынгеріне айналдырған – әдебиет зерттеушісі, ғалым Бейсенбай Кенжебаевті біз құралыпжас жастар, бұл кітап жазылағанда мәңгіге білмей кетер еді – ау деп ойлаймын. Оның жанкешті еңбегі, өнегелі өмірі – ұлттық деңгейде бағаланып, ұлықталауға лайықты тұлға екенін білдік. Ұлтқа қызмет ету – әдебиет пен тарихты ұшастыра жазу арқылы қоғамдық сананы өзгертуге болатынын ұғындық. Бұл болашақ журналистер мен әдебиетшілер үшін оқуға міндетті еңбектердің біріне айналуы тиіс.

Кітап оқу – ғылымдардың зерттеулерінде адамның сөздік қорын байытып, сыни ойлау қабілетін дамытатыны айтылады. Міне, мұны өз тәжірибемізден – ақ байқадым. Бір оқу жылында оқыған кітаптарымның арқасында сөздік қорым молайып, орашалақ ойымарымды жүйелеп жеткізу мен есте сақтау қабілетім арта бастағанын анық аңғардым. Ең бастысы – қоғамдағы құбылыстарға үстірт қарамай, олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени себептерін іздеуге дағдыландым.

Ұлтымыздың ойшыл ақыны, данышпан Абай Құнанбайұлы «Артық ғылым

кітапта, ерінбей оқып көруге», – дейді. Міне, ақын сөзінің терең қаптарлы мәнін быыл түсінгендей болдым. Кітап – ақылға дерек қосып, адамның ішкі әлемін әрлейтін, рухын көтеретін ғайжайып дүние. Біздің жаңа ғасырда кітап оқитын жастар көбейсе, озық ойлы ұлт қалыптасатынына көзіміз жетіп отыр.

Біз бұл оқыған кітаптарымызға масаттанбай оқуды жалғастыра береміз. Адам жастайынан кітап оқуды дағдыға айнадыруы қажет екен. Университеттегі сабақ пен студенттік өмірдің қызықты жылдарына дейін кемінде тұтас қазақ әдебиетін оқып тауыспағаныма өкіндім. Әрине, дәл осы шақтан бастасақта кеш емес.

Осы орайда, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті бастама-сымен «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында жазғы оқу маусымы басталғанын жариялады. Ондағы мақсат – оқытушы-профессорлар мен студенттердің жазғы демалысты пайдалы өткізіп, қызықты кітаптармен жаңа әлемді тануға ын-таландыру. Міне, бұл бастаманы біздің студенттерде қолдап, кітап оқуды бастаған. Олардан қандай еңбектерді сүйіп оқитыны, недей кітап оқып жатқандарын сұрадық. Оларда кітап оқудың ғанибет іс екенін, оқыған адамның көзқарсы, сөз сөйлеуі өзгеше болатын мақтанышпен айтып қуантты. Кітап оқитын замандастарымыздың қатары көбей беруіне тілектеспіз. Кітап оқитын ұлттың болашағы – жарқын.

**Сәнім МАРАТ,**  
журналистика және  
қоғаммен байланыс  
кафедрасының студенті

## Іңкәр ӘДІЛХАН, 3 курс студенті:

– Қазақ халқы «Кітапты – алтын қазына» деп бағалайды. Мен адамдармен көп әңгімелесіп, ғибратты сұхбат құрғанды ұнатамын. Соның ішінде кітап оқитын жандардың сөз сатпауын, түсінікті сөйлегенді ерекше тәнті болам. Ал өзім шыны керек кітапты көп оқимын деп айта алмаймын. Дегенмен, өзімді қинап болса да оқуға тырысам. Оқу – міндеттіміз. Бұрындары маған қазақ әдебиетіндегі әйел адамын бақытсыздығы мен қоғамдағы қадірсіз, дәрменсіз хәлін суреттеген шығармалар ұнай бермейтін. Соңғы жылдары тарихи оқиғалар мен соғыс жылдарындағы батырлық ерліктерге құрылған еңбектерге қызыға бастадым. Мысалы, атақты партизан, жазушы Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты кітабын оқып жатырмын.

Біз сөздік қорымызды байытуға салғырт қарайтын буынбыз ғой. Ауыз екі сөйлесудің өзінде кірме сөздері, жар-гондарды көп қолдануды екенбіз. Бұл жағдайды кітап оқып отырып, кейбір сөздердің мағынасын түсінбей қалғанда бірақ ұғындым. Көнерген сөздерді тіптен түсінбейтін хәлге жетіппіз. Ұяттан намыстандым. Енді кітап оқуды үзбей, ана тілімді терең игеремін.

**Ғалия АРЕНОВА, оқырман студент:**  
– Кітап оқуға деген ерекше қызығушылығым университет қабырғасынан басталды. Мектепте оқып жүргенімде, кітап оқу маған көбіне артық міндет секілді көрінетін. Алайда өзіме ұнайтын шығармаларды тапқаннан кейін бұл көзқарасым күрт өзгерді.

Мен шетел әдебиетін оқығанды ұнатамын. Себебі, ондағы шилендісті оқиғалар менің назарымды ұзақ уақыт бойы баурап алады. Жанр жағынан көбіне мелодрама мен фантастикаға қызығамын. Соңғы оқып аяқтған кітаптарымның бірі – Стефани Майер жазған «Сумерки» шығармасы. Әрине, қазақ әдебиеті де шетелдік шығармалардан кем емес. Оқып тұрамын.

Кітап оқу менің ой-өрісімді кеңейтіп, бос уақытымды тиімді пайдалануға, қызықты өткізуге ын-таландырып келеді. Сондықтан, алдағы уақытта да жаңа шығармаларды оқып, кітап әлемін тереңірек танығым келеді. Замандастарымды кітап оқуға шақырамын.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

## Редакция:

Г.Қайырғалиева – кеңесші  
С.Қайрат – бас редактор  
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы  
Е.Қабделов – фотограф

## «Университет» газетінің меншікті тілшілері:

Н. Сапарова  
А.Өтемісқызы  
М.Сүлейменова  
электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖІС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0471 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана